

ЛЕНИН ТУУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 92 (9154) | 1953 жылғы 8 май Жұма | Шығуына 34 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Мектеп өміріндегі жауапты кезең

Бұл күндері совет елінің барлық мектептері сыяқты біздің облысымыздың мектептерінде де кластан класқа көшіру және мектеп бітіру емтихандарына дайындық қызу жүріп жатыр. Оқытушылар коллективтері мен оқу бөлімдерінің қызметкерлері жазғы емтиханға оқушыларды жақсы дайындап, олардың емтиханнан мүдірмей өтуін қамтамасыз ету үшін барлық білімдері мен күш-жігерлерін жұмсауда.

Біздің елде жастардың әржақты білім алуына барлық жағдайлар жасалған. Үкімет пен партия совет жастарына күнбе-күн қамқорлық жасап отыр. Совет халқының материалдық әл-ауқат дәрежесі барған сайын артумен бірге, оның мәдениеті де түленуде. Совет мемлекеті халық ағарту ісіне мейлінше көп қаржы жұмсап отыр. Елімізде бастауыш, жеті-жылдық және орта мектептердің саны жыл сайын көбейіп отырғандығы бұған толық дәлел бола алады. Тек біздің облысымызда алдымыздағы жылдың өзінде жандар 13 жетіжылдық, 9 орта мектеп ашылмақ. Ал, үстеміздегі бесжылдықтың аяғында орта мектептердің саны облыс бойынша 57-ге жетіп, қазіргіге қарағанда екі есе көбейеді.

СОКП XIX съезінің қарарларымен және П. В. Сталин жолдастың «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген данышпандық еңбегімен жігерленген облыс мұғалімдері мен халық ағарту қызметкерлері оқу жылының өткен тоқсандарында болсын, жазғы емтиханға дайындық кезінде болсын бірқатар нәтижелі жұмыстар істеді. Бірқатар мектептер емтиханға оқушылардың сапалы даярлануына ерекше мән беріп, бұл істі ерте бастап қолға алды. Мәселен, Булаев, Еңбек, қаладағы Ленин атындағы және тағы басқа мектептерде емтиханға даярлық жұмыстары тиімділікті ұйымдастырылды. Аталған мектептерде әр пәннен шолу лекциялары, консультациялар ұйымдастырылып, сабақты үлгері алмай жүрген оқушылар үшін қосымша сабақ өткізілуде. Педагогикалық советтерде мектептегі емтихан алдындағы жүргізілетін шаралар және оны өткізу тудалы жұмыс жоспарлары талқы-

көметесін отыруы қажет. Емтиханда оқушылардың қаншалықты баянды және терең білім алғаны байқалуымен бірге, әр мұғалімнің жыл бойғы жұмысының қорытындысы да шығарылады.

Өткен сабақты пысықтау емтиханға әзірлік күндерінде оқу-тәрбие жұмысының негізгі бір саласы ретінде арнаулы жоспармен жүйелі түрде жүргізіліп отырылуы тиіс. Программалық материалдың календарлық жоспарда көрсетілген мерзімде сапалы өткізілуін мектеп басшылары мен класс жетекшілері үнемі қадағалап, бақылап отыруы керек. Әр мұғалім өткен сабақты қайталау кезінде материалдың ең түйінді тарауларын толық қамтып, оларды оқушылардың баянды түрде меңгеруін қамтамасыз етуге міндетті.

Пысықтау сабақтары кезінде химия, физика, жаратылыс тану және басқа пәндерден лабораториялық жұмыстарды толық жүргізіп, мұғалімнің басшылығымен оқушыларды өз беттерімен тәжірибе жұмыстарын жүргізуге үйрету қажет. Бұл оқушылардың теориялық білімдерін практикада пайдалануға дағдылануына мүмкіндік береді.

Тәжірибелі мұғалімдердің сабақты қайталау тәжірибелері педагогикалық советтерде, методикалық секциялар мен әдіс ауыстыру бірлестіктерінде талқыланып, оны барлық мұғалімдер өздерінің күнбе-күнгі жұмыстарында қолдана білетін болуы керек.

Емтиханға даярлық сыяқты маңызды мәселеден туысқандардың тыс қалмауы керек. Олар мектеп жұмысына қамқорлық жасап, үнемі көмектесіп отыруы қажет.

Мектеп партия ұйымдары оқу-тәрбие жұмыстарының жаңа талаптарға сай ұйымдастырылуын, сөйтіп, оқушылардың кластан класқа көшуін және мектепті ойдағыдай бітіруін қамтамасыз етуге міндетті. Мектеп комсомол ұйымдары емтиханға даярлық күндерінде педагогикалық коллективтің жауынгер көмекшісі болып, оқу-тәрбие жұмысының талаптарына сай жұмыс істеуі керек.

Класс жетекшілері мен оқушылар комитеттерінің барлық жұмыстары оқушылардың емтиханға жақын бағалаумен та-

Егіс жұмыстары агротехникалық ережелерге сай жүргізілсін

Облыс колхоздарында егіс жоспары орындалуының барысы

(1953 жылғы 5 майдағы мәлімет бойынша)

Аудандар	Егіс жоспарының орындалу проценти
Кониюхов	42,1
Совет	41,9
Булаев	40,9
Петропавл	37,1
Полудень	35,5
Ленин	33,0
Преснов	31,7
Октябрь	28,5
Соколов	28,2
Приешім	28,0
Мамлют	20,9

Колхоздар бойынша барлығы 32,5

Облыс совхоздарында егіс жоспары орындалуының барысы

(1953 жылғы 5 майдағы мәлімет бойынша)

Совхоздар	Егіс жоспарының орындалу проценти
Торангүл	62,4
Явленка	59,9
Қарағанды	53,4
Қыялы	51,9
Чистов	49,3
Киров атындағы	48,2
Шағлы	45,1
Тоқшын	42,8
Ұзынкөл	33,6
Қызыл әскер	33,1
Мамлют	33,0
Преснов	24,9
Совет	23,2
Возвышен	21,9
Буденный атындағы	19,8

Халық ағарту қызметкерлері! Мектептегі оқу-тәрбие жұмысының сапасын арттыра беріңдер, оқушыларды ғылым негіздерінің білімдерімен қаруландырыңдар! Социалистік қоғамның мәдениетті, білімді азаматтарын, коммунизмнің белсенді құрылысшыларын тәрбиелеңдер!

Агротехникалық шаралардың бұрмалануына жол берілмесін

Егіннің барлық көлемінен мол және тұрақты өнім алу егіс жұмыстарында агротехникалық ережелерді мұқият сақтауына байланысты. Қолайлы мерзімде және агротехникалық жоғары дәрежеде себілген егіннен мол өнім алуға болатындығы жылы-жылы тәжірибеден толық мәлім. Демек, егіс жұмыстарында агротехникалық шараларды дұрыс қолдану, олардың бұрмалануына жол бермеу — ең басты міндет болып саналады.

Солай бола тұрса да, Булаев ауданының кейбір колхоздарының егіс жұмыстарында агротехникалық ережелердің дұрыс сақталуына, жер жырту, тырмалау және тұқым себу жұмыстарының сапалы жүргізілуіне жеткілікті мән берілмей келеді. Мұндай жерлерде көктемгі егісте агротехникалық ережелер әрқескел бұрмалануда. Мысалға Булаев МТС-нің қамтуындағы Коминтерн атындағы колхозды алуға болады. Мұнда егіс жұмыстарын сапалы жүргізу үшін жеткілікті күрес жүргізілмей отыр. Соның салдарынан жер жырту, тырмалау және тұқым себу сыяқты негізгі ауылшаруашылық жұмыстары сапасыз атқарылууда. Оны мына фактілер толық дәлелдейді. Осы колхозда жұмыс істейтін № 17 трактор бригадасы дұрыс қамтылмайды. Оған, әсіресе, тұқым себушілер жеткілікті бөлінбеген. Мұнда «НАТИ» тракторымен тұқым себіледі. Бұған үш сеялқа тіркелген. Оның екеуінде ғана сеялқашы бар. Сеялқашы болмағандықтан бір сеялқамен тұқым дұрыс себілмейді. Өйткені, көп реттерде сеялқаның шүмектерінен дән түспей, тығылып қалады. Сөйтіп, егістік жерге тұқым алақұла себіліп жүр.

Бұл жағдай колхоз басшыларына мәлім болса да, олар бригадаға тұқым себушілерді жеткілікті бөлмей келеді. Колхоз

ғарыдағыдай агротехникалық ережелердің бұрмалануы Кушинский жолдасқа әбден мәлім еді. Алайда, ол сапасыз жұмысталған жерге тұқым себілуіне қарсы тұра алмады. Қайта оның өзі егіс жұмыстарында агротехникалық ережелердің бұрмалануына тікелей жол беріп келеді.

Ленин атындағы колхозда да (председателі Ақшалышов жолдас) егіс жұмыстарының сапасы үшін күрес жоқ. Мұнда билдей дақылдың тұқым шығымдылығы сапаға жеткізілмеген. Соған қарамастан 200 гектар жерге шығымы нашар тұқым себілген. Ал, осы колхоздағы участкаі агроном Шкорлет жолдас мұндай шығымдылық сапаға жеткізілмеген тұқымды себуге келісім берген.

Бұл колхозда жер жыртуда да агротехникалық шаралар бұрмаланып жүр. Осы колхозда жұмыс істейтін № 11 трактор бригадасында 20 гектар шала тырмаланған жерге тұқым себілген. Колхоз басшылары бұл жерді сапалы жұмысталған деп ауданға мәлімет беріп, көзбояушылыққа салынған. Мұнда жер жырту, тырмалау және тұқым себу жұмыстарының арасында үлкен алшақтық бар. Бұл колхозда, 1200 гектар жерге тырмаланбағандықтан тұқым себілмей отыр. Мұның себебі сол — трактор қуаты толық пайдаланылмайды. Оның үстіне егіс жұмыстарына, әсіресе, жер тырмалауға, тұқым себуге көлік күштері қосылмаған. Соның салдарынан егіс жұмыстары әрі баяу, әрі сапасыз жүргізілуде.

Жерді сапасыз жұмыстау фактілері «Страна советов» колхозынан да кездеседі. Мұнда, әсіресе, жер жыртуда агротехникалық талаптар сақталмай келеді. Жер түренсіз плугтермен жыртылып жүр. Колхоз председателі Бақанов, агроном Дүреев жолдастар егістік жердің терең жырталуына жете көңіл бөлмейді. Олар жер

Елімізде баспасөз күнін мерекелеу

Совет елінің еңбекшілері баспасөз күнін атап өтті. Заводтар мен фабрикаларда, мекемелер мен оқу орындарында, колхоздарда «Правда» газетінің бірінші номерінің жарыққа шығуының 41 жылдығына арналған әңгімелер өткізілді. Клубтар мен кітапханаларда көрмелер ашылды. Көрмеге қойылған материалдар совет баспасөзінің партияның XIX съезінің материалдарын насихаттау, еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру жөнінде істеген зор жұмыстарын баяндайды.

Кеше Ленинградта баспасөз және полиграфия өнеркәсібі қызметкерлерінің қалалық жыйналысы болды. Онда СОКП Ленинград обкомның секретары Н. Д. Казмин баяндама жасады.

Украинаның мемлекеттік филармониясының коллонналы залында газет-журнал, баспа және полиграфия кәсіпорындарының қызметкерлерімен бірге Киев қаласының тілшілер активі жыйналды. Баспасөз күні туралы «Радянська Украина» газетінің жауапты редакторы Прикордонный жолдас баяндама жасады.

Сол сыяқты, Минскіде, Ригада, Таллинде, Алматыда, Ташкентте, Кишиневте, Сталинабадта, Вильнюсте, Уфада, Қазанда, Харьковта, Горькийде, Хабаровскіде және басқа көптеген қалаларда баспасөз қызметкерлері активінің жыйналыстары өткізілді.

(СОТА).

Москва қаласының баспасөз қызметкерлерінің жыйналысы

5 майда Одақтар Үйінің Колонналы залында Москва қаласының газет, журнал, баспа, полиграфия кәсіпорындары қызметкерлері мен тілшілер активінің баспасөз күніне арналған жыйналысы болды.

Жыйналыста «Правда» газетінің бас редакторы Д. Т. Шепилов жолдас баяндама жасады.

Баяндамада совет баспасөзінің СОКП XIX съезінің қарарларынан туатын аса маңызды міндеттері атап көрсетілген.

Жыйналыстың қорытындысында үл-

анын бекітілді. Оқушылардың туысқан-дарымен жыйналыс өткізіліп, оларға клас-тан класқа көшіру және мектеп бітіру емтихандарының ережелері мен нұсқаула-ры түсіндірілді, онда әрбір ата-ананың өз балаларының емтиханға мұқият әзірле-нуін қамтамасыз ету қажет екендігі жө-нінде айтылды.

Алайда, облыстың кейбір мектептерінің басшылары оқушылардың емтиханға даяр-лығы сыяқты мемлекеттік маңызы зор мәселеге жете мән бермей отыр. Мәселен, Полудень ауданындағы Тоқшы және Мам-лют, Покровка, Вознесенка (Мамлют ау-даны) мектептерінде емтиханға даярлық әлі күнге дейін шындық басталған да жоқ. Аталған мектептерде осы уақытқа дейін емтихан білеттерінің практикалық бөлім-дері де дайындалмаған.

Мүғалімдер, мектеп басшылары және оқу бөлімдерінің қызметкерлері өткен жылғы емтиханға даярлықта жән-оны өткізуде жездескен кемшіліктерден тиісті қорытынды шығарып, оны алдағы емтихан кезінде қайталамауы керек.

Мектеп басшылары программалық мате-риалдардың көрсетілген мерзімде өтілуін қамтамасыз етіп, шысықтау жұмыстарын дұрыс ұйымдастыруда мүғалімдерге үнемі

сыруын қамтамасыз етуге бағытталуы қажет.

Емтиханға санаулы ғана күндер қалды. Кластан класқа көшіру және мектеп бітіру, емтихандарын табысты өткізу оған даяр-лық жұмыстарына байланысты.

Оқу жылын ойдағыдай аяқтап, әрбір оқушыны емтихан мен сыға тиістілікті даярлау—мүғалімдер мен халық ағарту қызметкерлерінің бүгін таңдағы аса жа-уапты міндеті.

СОКП Орталық Комитеті 1953 жылғы 1 Майға арнаған Ураңдарында совет мү-ғалімдері мен халық ағарту қызметкерле-ріне арнап былай дейді:

—Халық ағарту қызметкерлері! Мек-тептегі оқу-тәрбие жұмысының сапасын арттыра беріңдер, оқушыларды ғылым не-гіздерінің білімдерімен қаруландырыңдар! Социалистік қоғамның мәдениетті, білімді азаматтарын, коммунизмнің белсенді құры-лысшыларын тәрбиелеңдер!

Орталық Комитеттің бұл шақыруына мүғалімдер мен халық ағарту қызметкер-лері игі істерімен жауап беріп, жастарды коммунистік рухта, Ленин—Сталин ісіне шын берілген, әржақты білімді, комму-низмнің жас құрылысшыларын тәрбиелеу ісіне өздерінің күш-жігерін аямайды.

Прием	17,1
Степной	14,1
Октябрь	13,7

Совхоздар бойынша барлығы 35,1

БІР МАҚСАТПЕН

Мамлют ауданындағы Вильямс атында-ғы ауылшаруашылық артелінің егіс дала-сында жұмыс істейтін Ф. Аксенов жолдас басқарған трактор бригадасы көктемгі егісте сағаттық график бойынша жұмыс істейді.

Бригаданың озат механизаторлары егіс жұмыстарында келелі табыстарға ие бо-лып жүр. Тракторшылар Агапов, Раманов жолдасар тұқым себуда әрбір сменада норманы 150—170 проценттен орындай-ды. Жер тырмалауда жұмыс істейтін Ма-рия Юрина жолдас та бұлардан қалыспай келеді.

А. КУКСА.

нына ғана мән болып, егіс жұмыстары-ның сапасына мүлдем мән бермей жүр. Осы колхозда 80 гектар жер сапасыз тырмаланған. Екінші рет тырмалау жүр-гізілмей, оған тұқым себілген. Жерді те-рен және сапалы жыртуда түрелді плуг-тердің маңызы ерекше зор. Алайда, бұл колхозда жер көбінесе түрелсіз плугтер-мен жыртылады. Бірқатар плугтердің түрелері алынып тасталған. Соның сал-дарынан жердің тайыз, сапасыз жырты-луына, бұл жөніндегі агротехникалық шаралардың бұрмалануына жол беріліп отыр.

Егіс жұмыстарын агротехникалық ере-желерге сай жүргізуде агрономдардың атқа-ратып ролі ерекше зор. Аталған колхозда участоктік агроном Кушинский тұрады. Рас, ол егіс басында жиі болады. Бірақ, ол егіс-тің сапасына жете көңіл бөлмейді. Жердің дұрыс жыртылып, тырмалануын, тұқым-ның қажетті тереңдікке сіңірілуін егжей-тегжейіне дейін бақылап тексермейді. Жо-

әлі қатты, оған түрелді плуг салуға бол-майды деген сылтау айтып, жердің сапа-сыз жұмысталуына көріне-көзге жол бе-ріп келеді.

Егіс жұмыстарында агротехникалық ша-ралардың бұрмалануына төзуге тіпті болмай ды. Өйткені, қандай дәрежеде болатын аг-ротехникалық шаралардың бұрмалануы егіннен мол өнім алуға үлкен зыян келтіре-ді. Мұны болдырмау үшін Булаев ауданы-ның партия, совет ұйымдары және ауылшар-уашылық брындары көктемгі егіске бас-шылықты мықтап күшейтулері, істегі кемшіліктерді дереу жойып отырулары керек. Көктемгі егісті қысқа мерзімде агротехникалық жоғары дәрежеде өткізу үшін жұмыстың бұл участогіндегі ұйым-дастырушы күш—агрономдардың ролін арттыра түсу қажет. Тек осы жағдайда ғана егіс жұмыстарының табысты өткізі-луіне жетісуге болады.

Б. ЖАҚЫПОВ,
БУЛАЕВО. (Өз тілшіміз).

(СОТА).

Баспасөз күніне арналған көрме

Журналистердің Орталық үйінде 5 майда баспасөз күніне арналған көрме ашылды. Газеттердің мұнда қойылған номерлері, суреттер, диаграммалар со-вет баспасөзінің шаруашылық және мәдениет құрылысындағы, еңбекшілерге саяси тәрбие берудегі ролін көрсетеді. Стендтердің біріне Совет Одағы Комму-нистік партиясы Орталық Комитетінің органы — «Правда» газеті қойылған. Оның қатарында республикалық, облыс-тық және қалалық газеттердің номерле-рі. Көрмеде мынадай цифрлар бар: ССРО-дағы газеттердің жалпы тиражы 41,7 миллион данаға жетеді. Газеттер-дің саны 8300-ге жетті, біржарым мың-нан аса журналдар шығады.

(СОТА).

Овощ және картоп молшылығын жасайық

Коммунистік партия мен Совет Үкметі ірі қалалар мен өнеркәсіп орталықтары аймағында картоп-овощ базаларын жа-сауға зор қамқорлық көрсетіп келеді. Қа-ла маңындағы аудандардың колхоздары мен совхоздары мемлекеттің көмегімен соңғы жылдарда овощ және картоп егі-сінің көлемін ұлғайтты. Бірқатар аудан-дарда бұл дақылдардың шығымдылығы артты. Москва түбіндегі Горький атын-дағы атақты совхоз гектарына 25—30 тоннадан овощ алды. Москва, Киров, Полтава және басқа кейбір облыстардың алдыңғы қатарлы колхоздары едәуір та-быстарға жетті.

Алдыңғы қатарлылардың тәжірибесі овощ және картоп өндіруді екі және үш есе арттыруға болатындығын көрсете-ді. Бұл маңызы азықпен еңбекшілерді жабдықтаудағы маусымдылықты жою қа-жет. Қалалар мен өнеркәсіп орталықта-рында овощ және картоп күз бен қыста да, көктем мен жазда да—жыл бойына үнемі болып тұратын ету керек.

Алайда, овощ пен картоп өндіру ха-лықтың қажетін өтеуден әлі де артта қалып келеді. Жергілікті партия және совет органдары шаруашылықтың бұл са-ласына көңіл бөлуді бәсеңдетті, картоп-тың және овощ дақылдарының шығым-дылығын арттыруға тиісті шаралар қол-данбайды. Бірсыпыра жерлерде овощ шаруашылығын ауыл шаруашылығының артта қалған саласына айналдыру факті-леріне төзіп отыруға болмайды.

Партияның XIX съезі Москва, Ленин-град, Урал, Донбасс, Кузбасс қалалары және басқа өнеркәсіп орталықтары мен ірі қалалар аймақтарында овощ пен кар-топ өндірісіп ұлғайту міндетін алға қой-ды. Бұл міндетті орындау картоп және овощ шаруашылығын механикаландыру-ды күшейтуге, жаңа техниканы енгізуге тығыз байланысты.

Біздің отандық өнеркәсібіміз картопты шаршы-ұялап отырғызуға керекті маши-налар жасап шығаруды меңгерді. Бұл ма-шина картопты отырғызумен бірге топы-раққа тыңайтқыштар енгізеді, жұмыс са-пасының жақсы болуын қамтамасыз ете-ді. Картоп отырғызатын жаңа машина-лардың алғашқы топтары кәзірдің өзінде МТС-терге әкелініп, іске қосыла бастады.

Картопты отырғызудың жаңа әдісі—шаршы-ұялап отырғызу—біздің ауыл-шаруашылық ғылымның маңызды табысы. Бұл әдіс қала маңының жүзде-ген колхоздарында іс жүзінде тексеріліп, өзінің өте тиімділігін көрсетті. Бұл әдістің артықшылығы—картоп өсіру жұмыстарын, отырғыздан бастап өнімін жыйнауға дейін комплексті жолмен механикаландыру-ға кең өріс апаратындығында. Мәселен, қа-тар аралығын баптау сыяқты еңбекті көп керек ететін жұмыс толық механи-каландырылады.

Сондықтан кейбір ғылыми қызметкерлер мен ауыл шаруашылығы практиктерінің картоп отырғызудағы бұл жаңа әдіске әлі де қарсылық көрсетуі тіпті таңда-нарлық. Істің мүддесі агротехниканың прогрестік әдістерін мейлінше қолдауды, шаршы-ұялап отырғызу әдісін кеңінен қолдану үшін техникалық құралдарды толық пайдалануды талап етеді.

Бүгін «Правда» Москва облысының Раменскі ауданындағы «Вперед к ком-мунизму» колхозынан алынған материал жарияланды. Бұл материалда агротехни-каның жаңа, прогрестік әдістерінің қалай қолданылғаны, мұның арқасында колхоз-шылардың күшті аз жұмсап, картоптан өнімді екі есе көп алғаны толық баяндал-ған. Озат колхоздардың практикасы пар-тия, совет және ауылшаруашылық орган-дарының оған айрықша көңіл бөлуін керек қылады. Озаттардың тәжірибесі бар-лық колхоздар мен совхоздардың игілігіне

айналдырылуға тиіс.

Кәзір бүкіл елімізде егіс жұмыстары жүргізілуде. Бұл күндерде, алдағы егін өнімінің негізі қаланып жатқан кезде жергілікті басшылар, ауыл шаруашылы-ғының мамандары дөңді және техникалық дақылдармен қатар, овощты және кар-топты мезгілінде жоғары сапалы етіп етуге ерекше көңіл бөлуге тиіс.

Солдай бола тұрса да, бірқатар аудан-дарда овощ егу, картоп отырғызу қар-қыны бұл аудандардың мүмкіншіліктері-не тіпті де сай келмейді. Бұл жұмыстар-да, әсіресе, Ворошиловград және Ростов облыстары артта қалып келеді.

Қара топырақты емес өңірдің кейбір аудандарында да, әсіресе, Горький, Ивано-во және Тула облыстарында, Белоруссия-да да елеулі кемшіліктер болып келеді. Бұл өңірде егіс мерзімінің басталуына қарамастан, көп колхоздар мен совхоздар отырғызылатын картоп пен, овощ дақыл-дарының тұқыммен және көшетпен қамтамасыз етілмеген. Машина-трактор станциялары қажетті машина-сайман-дарды жөндеуді мүлде ұзаққа созды. Ауылшаруашылық органдары бұл жұмыс-тарға нашар басшылық етеді.

Жергілікті партия және совет органдары бұл жұмыстарда болып отырған кем-шіліктерді жоюға шұғыл шаралар қолда-нып отыруға тиіс. Істі жақсарту үшін барлық колхоздар мен совхоздарда егіске әзірлік және егісті өткізу жұмыстарының жайын тексеріп қарау қажет. Әрбір кол-хоз бен совхозды овощ дақылдарының тұқыммен және көшетпен қамтамасыз ету керек, жетпейтін картоп тұқымын дайындауды және сатып алуды ұйымда-стыру қажет.

Ауылшаруашылық органдары, ең ал-дымен ауыл шаруашылығының маман-дары егістің сапасына, жаңашылдардың әдісін кеңінен қолдануға, техникалық жә-не еңбек резервтерін толық пайдалануға ерекше қамқорлық жасауға тиіс. Агро-номдар егін даласының еңбекшілеріне

кеңес беріп, үнемі көмектесіп отыруға, овощ пен картопты өсірудің жаңа, про-грестік әдістерін қажырлықпен енгізу-ге міндетті.

Бұл жөнінде Горький атындағы овощ совхозының агрономы Флаатов жолдас жақсы үлгі көрсетіп отыр. Ол шаршы-ұялап егу әдісін овощ шаруашылығы-ның практикасына түпкілікті енгізді. Кө-шет өсірудің жаңа әдісін көтерді. Агро-номның мұндай жаңалықтар енгізуі ар-қасында совхоз егін даласының құнарлы-лығын арттырып, овощ өнімін әдеттегі мерзімнен 2—3 апта бұрын жыйнауға жағдай туғызды. Быйыл совхоз 1 Май мерекесін ерте мерзімде овощ дақылдарын егуді аяқтаумен қарсы алды. Сов-хоздың коллективі Москваның еңбекшіле-ріне өнімді өткен жылғыдан бес мың тонна көп беруге міндеттенді.

Қала маңының бірсыпыра совхоздары егіннің шығымдылығын оған сайын арт-тыруға өздерінің орасан мол мүмкінші-ліктерін пайдаланбайтынын көрсету қа-жет. Мәселен, Ленинград түбіндегі сов-хоздарды мысалға алайық. Олардың саны соғысқа дейінгіден екі есе көбейді. Бұл совхоздардың егіс көлемі екі еседен аса артты. Олар техникамен жақсы жабды-қталған, бірақ, овощ егу соғысқа дейінгі дәрежеге жеткен жоқ, овощтың шығым-дылығы өте төмен.

Қалалар мен өнеркәсіп орталықтары төңірегінде тұрақты картоп-овощ база-ларын жасау жергілікті партия, совет және ауылшаруашылық органдарының оған үнемі көңіл бөліп, нақтылы басшы-лық етуін керек қылады.

Быйыл барлық ауылшаруашылық да-қылдарының, оның ішінде овощ пен картоптың шығымдылығын едәуір арттыру-ға барлық мүмкіншіліктер бар. Бұл мүмкіншіліктер толық пайдаланылуға тиіс!

(«Правданың» 4 майдағы басмақаласынан).

Г. И. Петровский жолдасты Еңбек Қызыл Ту орденімен наградтау туралы ССРО Жоғарғы Советі Президиумының указы

Г. И. Петровский жолдастың туғанына 75 жыл толуына байланысты және оның Совет мемлекеті алдындағы еңбектерін ескере отырып, Григорий Иванович Петровский жолдас **Еңбек Қызыл Ту** орденімен наградталсын.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі
К. ВОРОШИЛОВ.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретары Н. ПЕГОВ.
Москва, Кремль 28 апрель, 1953 жыл.

БАЛАЛАРДЫҢ ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫСЫ

Қазақ ССР Оқу министрлігі бала-лардың жазғы демалысын ұйымдастыру жоспарын бекітті.

Жоспар бойынша жүз мыңға жуық балалар дем алады. Мектеп оқушылары лагерлерде көңілді тынығатын болады. Оларға арналып география, радиотех-ника, геология жөнінде және басқа үйірмелер ұйымдастырылады. 20 мың-нан аса бала өте қызықты туризм жо-

рықтарына шығып, саяхат жасайды.

Суға жүзу, жеңіл атлетика жөнінде жарыстар, қызықты спорт ойындарын өткізу, жас натуралистер мен жас тех-никтердің жұмыстарын байқау белгіле-ніп отыр.

Мыңдаған балалар заводтарға, фаб-рикаларға, МТС-терге, колхоздар мен совхоздарға саяхат жасайды.

(ҚазТАГ).

Жоспардан тыс көмір

ҚАРАҒАНДЫ. (ҚазТАГ). Қараған-дының шахтерлері Бірінші май мерекесін еңбектегі тамаша табыстармен қар-сы алды. «Ленинголь» тресі төрт ай-лық программаны бассейнде бірінші бо-лып мерзімінен бұрын орындады. Трес-тің шахталары тұтынушыларға тапсыр-мадан тыс ойдағын эшелон отын жо-ветті. № 55 шахтаның коллективі апрельде жоспарлы көмір шығаруды тәу-лігіне жүз тонна арттырды. Әрбір тон-

на көмірдің өзіндік құны едәуір кемі-тілді. Трест бойынша үнемделген қар-жы кәзірдің өзінде екі миллион сомнан асты.

Көмір шығарудың негізгі жұмыста-рын механикаландыру нәтижесінде № 17-бис, Жданов атындағы, № 48, 55 шахталардың коллективтері кәсіпорын-дардың жобадары қуатын анағұрлым арттырды.

Жазғы емтиханға тыңғылықты әзірленейік

★ Қайталау — білім анасы

Біздің мектеп көктемгі емтиханға дайындық жұмыстарын екінші жарты жылдықтың басынан бастады. Мектептің педагогикалық советінде емтиханға дайындалу, оны өткізу жөніндегі жұмыс жоспары талқыланып бекітілді.

Барлық кластарда мұғалімдер өтілген материалдарды жоспарлы түрде қайталауға кірісті. Қайталау жаңа сабақпен байланысты жүргізіліп отырылады. Әр пәннен сабақ беретін мұғалімдер программаның оқушылар үшін қиыны тарауларын қайталап, ол материалдарды олардың жақсы меңгеруі үшін ерекше көңіл бөледі.

Сабағын үлгермейтін оқушылар үшін қосымша сабақтар жүргізіледі. Мұндай сабақтар әр оқушымен жеке-жеке өткізіледі. Әсіресе, орыс тілі мен математика пәндерінен сабақ беретін С. Щербакова, Л. Жегарева және М. Шмегова жолдастар аз уақыттың ішінде үлгермейтін оқушылармен көптеген жұмыстар жүргізді.

Бұл күндері мектепте өткізілген пәндер бойынша консультация ұйымдастырылды. Мұнда мұғалімдер әр тақырыпқа байланысты әңгіме өткізеді, оқушылардың түсінігеген сұрақтарына жауап береді.

Емтиханға дайындық күндерінде мұғалімдер коллективіне комсомол, пионер ұйымдары мен оқушылар комитеті үлкен көмек көрсетуде. Оқушылар комитетінің мүшелері сабақты нашар оқытқан оқушыларға уақытты дұрыс пайдалануға, өткен сабақты қайталауға және үйге берілген тапсырманы орындауға үнемі көмек көрсетіп отырады.

Класс жетекшілері оқушылардың үйлеріне барып, емтиханға дайындық кезінде оқушыға қалай көмектесу жөнінде, оның үйдегі уақытты пайдалану тәртібі туралы туысқандарға кеңестер береді. Жуырда мектеп бойынша туысқандар жыйналысы өткізіліп, онда туысқандар кластан-класқа көшу және мектеп бітіру емтихандарының нұсқауларымен таныстырылды.

Туысқандар комитетінің мүшелері Зорина, Кушир, Ковалева және тағы басқалары оқушылардың үйлерінде болып, олардың туысқандарымен әңгімелесіп, мұқтаж оқушыларға жалпыға бірдей оқу қорынан көмек береді. Көптеген оқушылардың туысқандары өздері мектепке келіп, емтиханға дайындық кезінде оқушылардың үйде сабақ оқуын қалай ұйымдастыру керек екендігі жөнінде түсініктер алып тұрады. Никулин, Мажерина, Белов және тағы басқа туысқандар балаларды тәрбиелеуге жете көңіл бөліп, басқаларға үлгі көрсетіп жүр. Міне, сондықтан да олардың балалары тек 4 пен 5-ке оқыйды.

Мектептерде оқу жылы аяқталуға санаулы ғана күндер қалды. Облысымыздың алдыңғы қатарлы мектептерінің коллективтері оқу жылы бойына оқу-тәрбие жұмысын сапалы жүргізе отырып, емтиханға әзірлік жұмыстарын деркезінде ойдағыдай ұйымдастырды. Сөйтіп, емтиханға әзірлікті жоспарлы түрде тыңғылықты жүргізуде.

Төменде мектеп басшыларына, мұғалімдерге және халық ағарту қызметкерлеріне сөз беріледі.

★ Тыңғылықты әзірленудеміз

Мектебімізде өткен жылдарға қарағанда быыл оқу сапасы анағұрлым жақсартуға түсті, тәрбие жұмысы да жолға қойылды.

Быыл мұғалімдер коллективі емтиханға әзірлікті оқу жылының басынан бастады. Март айында өткізілген педагогикалық советте емтиханға әзірлік шараларын талқылап бекіттік. Мұғалімдерді емтиханға ережесімен таныстырдық. Комсомол жыйналыстары мен пионер жыйындарында емтиханға әзірлік туралы мәселелер қаралды. Класс жетекшілері Н. Юлин, Г. Смолянинов және тағы басқа жолдастардың өздерінің кластарында нәтижелі жұмыс істеулерінің арқасында мектепте оқушы үлгермейтін оқушылардың саны азайды.

Барлық кластарда да туысқандар жыйналыстары өткізіліп, оқушыларды кластан-класқа көшіру және мектеп бітіру емтихандарының нұсқауларымен таныстырдық.

Мектеп қабырға газеттері емтиханға даярлық мәселесін жаза бастады. Онда емтиханға қалай әзірлену, оны табысты етіп өткізу және уақытты пайдалану сыяқты мәселелер жиі жазылып тұрады. Класс жетекшілері оқушылардың үйлеріне барып, олардың уақыт кестесін қалай орындайтынын үнемі тексеріп отырады. Ал, қажет болған жағдайда туысқандарды мектепке шақырып, оқушының сабаққа әзірленуі туралы толық жағдай турғызу жөнінде оларға пайдалы кеңестер береді.

Мектептің оқу ісін басқарушы Н. Шкловская жолдас екеуіміз өткен сабақты пысықтау жұмысының ұйымдастырылуын, программалық материалдың орындалуын қадағалап, бақылап отырамыз. Көзір оқушылардың көпшілігі емтиханға кіретін пәндерді негізінен пысықтап болды. Бірақ, «емтиханға әлі біраз уақыт бар, пысықтап үлгереміз» деген пікірде болып жүрген жекедеген оқушылар жоқ емес. Міне, класс жетекшілерінің негізгі міндеттері — осындай оқушылардың ем-

тиханға даярлығын тексеріп, олардың емтиханға тыңғылықты әзірленуіне көмектесу мәселесіне өте-өте көңіл бөлулері керек.

Физика, химия, биология, география және математика пәндерінің мұғалімдері ең әрі дегенде 10 майға дейін барлық лабораториялық тәжірибе жұмыстарын аяқтап, оқушылардың осы аталған пәндерден емтиханға тыңғылықты әзірленуін қамтамасыз етуге міндетті.

Бастауыш мектептің мұғалімдері мен класс жетекшілері оқушылардың сабаққа қатысуын әр сағат сайын бақылап отыруы керек. Өйткені, қайталау сабақтарынан оқушы қалып қойса, оған материалдың кейбір тараулары түсініксіз болып қала береді. Ал оқушы сабаққа үнемі қатысып отырса, өзінің материалды шала білегін жерлерін толық меңгеруге, сөйтіп, ол емтиханға тыңғылықты әзірленуге мүмкіндік алады.

Емтиханға әзірлік жұмысын жүргізе отырып, мұғалімдер коллективі оқушылардың дем алуын да ұйымдастырулары керек. Емтиханға әзірлену жөнінде пионер отрядтарының, звенолардың, оқу отличниктерінің толып жатқан жақсы тәжірибелері бар. Міне, осындай жақсы тәжірибелерді барлық оқушылардың игілігіне айналдыру қажет. Емтиханға әзірлену кезінде сабаққа дайындалу, уақытты дұрыс пайдалану жөнінде ең бірінші ақылшы — мұғалім болуға тиіс. Мұның бәрін дұрыс жасалған уақыт кестесін бұлжытпай орындаған уақытта ғана іс жүзіне асыруға болады.

Емтихан — мемлекеттік маңызы бар іс. Біздің мектептің комсомол, пионер ұйымдары мен мұғалімдер коллективі оқушыларды емтиханға тыңғылықты дайындап, оны сапалы етіп өткізуге жетісу үшін бар күшін салады.

М. ҚҰСАЙЫНОВ,

Қаладағы А. И. Герцен атындағы № 6 ер балалар мектебінің директоры.

★ Емтиханды табысты өткіземіз

СОКП Орталық Комитетінің Бірінші мәжілісіне арнаған ұрандарына жауап ретінде Булаев орта мектебінің оқытушылар коллективі оқу-тәрбие жұмысын жақсарту үшін Тарасов, Чернышева, Казакова, Терещенко және тағы басқа жолдастар оқушылардың көктемгі емтиханға тыңғылықты дайындалуын қамтамасыз етуде.

Мектепте емтиханға ерте бастап дайындалу — оқу-тәрбие жұмысын жоспарлы жүргізе отырып, бұл істе кездескен кейбір кемшіліктерді тезінен жоюға мүмкіндік берді. Оқу жылының үшінші тоқсаны ұйымшылдықпен өтіп, сабақты үлгермеушілердің саны азайды, ал, «4» пен «5» ке оқытқан оқушылардың саны артты.

Оқу жылының басынан бері методикалық жұмыстар үнемі жүргізіліп келеді. Методикалық секциялар мен педагогикалық советтерде және мұғалімдердің тәжірибе ауыстыру бірлестіктерінде 50-ден астам баяндамалар мен лекциялар оқылды. Жуырда тәжірибелі мұғалімі Велоселованың «Өткен сабақты қайталаудың методикасы» деген тақырыпта баяндамасын тыңдадық. Бұл мәселе барлық секцияларда талқыланды.

Мектепте пионер, комсомол ұйымдарының қабырға газеті шығарылады. Онда емтиханға дайындықтың барысы жазылады.

Апрель айының аяқ кезінде 7-10 класс оқушыларының әр мамандықтың өкілдерімен кездескен кеші өткізілді. Дәрігер Гайнулина, инженер Васильев, педагог Яковлев және басқалары оқушыларға өздерінің мамандықтары туралы кеңес өткізіп және біздің елімізде қай мамандық болсын жоғары бағалатынын, оның социалистік Отанымызға өте қажет екенін айтты.

Мектеп басшылары мен класс жетекшілері оқушыларға тапсырманың көп берілмеуін қадағалап, бақылап отырады. Әр пән мұғалімдері қайталау жұмыстарын көрнекі құралдар және лабораториялық жұмыстарды қолдану арқылы жүргізу үшін арнаулы жоспар жасады.

Мектептерде политехникалық оқуды жүзеге асыруға байланысты физика, химия, жаратылыс пәндерінен лабораториялық, практикалық жұмыстардың минимумы міндетті түрде орындау әр оқушының міндеті болып саналады. Бұл күндері, әсіресе, мектептің оқу-тәжірибе участогіндегі жұмыс жақсартылды.

Емтиханға дайындық жұмыстарын ұйымдастыруда комсомол, пионер ұйымдары үлкен көмек көрсетуде. Емтихан алдындағы күндерде туысқандармен жұмысты мейлінше жақсарттық. Мектеп бойынша және әр класс сайын туысқандар

Кореядағы оқушылар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАВАРЫ

ПХЕНЬЯН, 6 май. (СОТА). Корея Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының бас командованисі бүгін майданда өткен күнгі ешқандай өзгеріс болған жоқ деп хабарлады.

Бүгін Халық армиясының зенит бөлімдері және жау самолеттерін атқыштар дұшпанның үш самолетін атып түсірді.

Кореядағы уақытша бітім туралы келіссөздер

ПЕКИН, 5 май (СОТА). Уақытша бітім туралы келіссөздер жүргізуші корей-қытай делегациясының бүгін жариялаған мазмұндамасының төмендегі тексті Синьхуа агенттігінің тілшісі Кэсоннан берді:

Екі жақтың делегациялары 5 май күні кездесті.

Мәжілісте корей-қытай жағы делегациясының басшысы генерал Нам Ир мынадай мәлімдеме жасады:

«Еліне тікелей қайтарылмай отырған соғыс тұтқындарын бейтарап мемлекетке жөнелту туралы принцип жағдайында біздің жағымыз екі жақ Азияның бір бейтарап мемлекетінің кандидатурасына келісуге тиіс деген көзқарасты үнемі жақтап келеді. 4 майда болған пленарлық мәжілісте бейтарап мемлекет есебінде бір Азия елінің кандидатурасын ұсынылуына сіздің жағыңыз келісіп, Пакистанның кандидатурасын ұсынған болады. Мұндай ұсынысты мақұлдауға болады. 6 пункттен құралған біздің жағымыздың ұсынысын жүзеге асыру мақсатымен тікелей еліне қайтарылмаған соғыс тұтқындарын осы бейтарап мемлекетке жөнелтуге біздің жағымыз сіздің жағыңыздың келісетіндігін білгісі келеді».

Екінші жақ бұрынғыша, еліне тікелей қайтарылмаған соғыс тұтқындарын бейтарап мемлекетке жөнелтуге қарсы екендігін мәлімдеді. Алайда, өзінің бұл қарсылығын қандай да болсын ақылға сыярылқтай дәлелдермен негіздеуге өзінің шамасының келмейтіндігін көрсетті.

Генерал Нам Ир: «екі жақ делегациясының көзінгі уақытта талқылауында тұрған негізгі мәселе еліне тікелей қайтарылмаған соғыс тұтқындарын бейтарап мемлекетке жіберу керек пе, немесе бейтарап мемлекет өз қамқорлығына алу үшін, оларды Кореяда қалдыру керек пе, деген мәселе негізгі мәселе болып отыр. Бұлар біріне бірі ұқсамайтын екі түрлі жағдай, сондықтан олар әртүрлі нақтылы шаралардың қолданылуын талап етеді. Еліне тікелей қайтарылмаған соғыс тұтқындары бей

тарап бір мемлекетке жөнелтілуге тиіс деген көзқарасты біздің жағымыз үнемі қолдап келеді және оларды Кореяда қалдыруға қарсы. Оларды бейтарап бір мемлекетке жөнелту нағыз ақылға сыйымды практикалық шара деп есептейміз. Сіздің жағыңыз осы соғыс тұтқындарын бейтарап мемлекет өзінің қамқорлығына Кореяда алуға тиіс деген пікірді жақтайды және осы мақсатпен Пакистанның кандидатурасын ұсынды. Бейтарап мемлекет өзінің функциясын қандай жолмен жүзеге асыруға тиіс екендігі жөнінде сіздің жақтың көзіргі уақытта тынақты ұғымы болуға тиіс. Соғыс тұтқындарын ықпалдан шығару мақсатымен қолға түсірген жақтың соғыс бақылауын болдырмау үшін сіздің жағыңыздың қандай шаралар белгілеп отырғандығын біз білгіміз келеді. Сіздердің мәліметтеріңізге қарағанда саны он мыңдаған соғыс тұтқындарын кандидатурасын өздеріңіз ұсынып отырған бейтарап мемлекет өзінің қамқорлығына алуын сіздің жағыңыз қалайша қамтамасыз еткісі келеді? Сіздің жағыңыз соғыс тұтқындары лагерьлеріндегі тыныштық пен тәртіпті қандай жолмен сақтағысы келеді? Сіздің жағыңыз соғыс тұтқындарын өзінің қамқорлығына алу үшін Кореяға өзінің қарулы күштерін жіберуді бейтарап мемлекеттен өтінуге ниеттеніп отырған жоқ па? Осы сұрақтарға сіздің жағыңыз түсінік берер деп мен үміттенемін» деді.

Алайда, екінші жақ генерал Нам Ир қойған нақтылы сұрақтарға бүгінгі мәжілісте ешқандай жауап қайтармады. Генерал Нам Ир бұл сұрақтарды кандидатурасын екінші жақ ұсынып отырған бейтарап мемлекет өзінің міндеттерін қалай орындағысы келетіндігін анықтау үшін қойды.

Сөзінің қорытындысында генерал Нам Ир екінші жақ 6 майда болатын делегациялар мәжілісінде біздің жағымыз қойған сұрақтарға айқын жауап береді деп сенім білдірді.

Екі жақ та 6 майда сағат 11-де қайтадан кездесуге келісті.

Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советі Бюросының Стокгольмдегі мәжілісі

СТОКГОЛЬМ, 5 май (СОТА). Бүгін 5 Виросының кезекті мәжілісі ашылды.



дайындау жөнінде мұғалімдердің түсінік кеңестері, дайындық жұмыстарына байланысты сурет монтаждары мектеп залының бөрнекті жеріне ілініп қойылды. Антасына бір рет «За отличное знание» қабырға газеті шығып тұрады. Онда «Қайталау—білім анасы», «Мен орыс тілі мен математика сабақтарына қалай дайындалып жүрмін» деген және басқа да тақырыптарда оқушылардың мақалалары жазылды.

№ 4 жетіжылдық мектептің мұғалімдер коллективі емтихан алдындағы күндерде оқушылардың емтиханға жақсы дайындалуын қамтамасыз етіп, олардың емтиханнан мүдірмей өтуі үшін күреседі.

Л. МУХХО,

Қаладағы № 4 жетіжылдық мектептің директоры.

Оқу жылын ойдағыдай аяқтаймыз

Октябрь ауданындағы Қызылту жетіжылдық мектебінің оқушылары мен оқытушылары көктемгі емтиханға қызу әзірленуде. Мектеп дирекциясы, класс жетекшілері емтихан алдындағы күндерде оқушылардың туысқандарымен әңгіме өткізуде. Онда оқушылардың емтиханға үйде дайындалуына жағдай жасау туралы туысқандарға кеңес беріледі. Көзір барлық оқушының сабаққа үйде дайындалуы үшін жақсы жағдай тудырыла бастады.


Мектепте әр пәннен консультациялар ұйымдастырылып, оны өткізу үшін арнаулы расписание жасалды. Комсомол, пионер ұйымдары оқушылар арасында өткен сабақты пысықтау, уақытты пайдалану сияқты тақырыптарда әңгіме ұйымдастырып тұрады. Жуырда VII класс оқушысы Т. Мөлжаждаров «Мен орыс тілі сабағына қалай дайындалып жүрмін» деген тақырыпта өзінің сабақ оқу тәжірибесін жолдастарына айтып берді.

Қыз балалар арасындағы саяси-тәрбие жұмысы өткен жылдағыларға қарағанда үстіміздегі жылы едәуір жақсара түсті. Соның нәтижесінде көптеген қыз балалар «4» пен «5»-ке оқытын болды. Қыз балалар және олардың туысқандары үшін «Совет әйелдері—коммунизмнің белсенді құрылысшылары», XIX партия съезінің материалдарын және тағы басқа да тақырыптардан арнаулы 19 лекция оқылып, түрлі тақырыптарда әңгімелер өткізілді.

Мектептің педагогикалық коллективі жергілікті партия, совет ұйымдарының басшылығымен үстіміздегі 1952—53 оқу жылын ойдағыдай аяқтап, оқушыларды кластан класқа көшіру жолына барлық мүмкіншілікті пайдаланады.

Қ. СҮЛЕЙМЕНОВ,

Октябрь ауданы, Қызылту жетіжылдық мектебінің мұғалімі.



Қала мектептерінде емтиханға әзірлік қызу жүргізілуде. СҮРЕТТЕ: Ленин атындағы мектептің көмелеттік аттестат алу үшін емтихан тапсыратын X-класс оқушылары (оңнан солға қарай) Әмина Төскеева, Людмила Опарина, Аня Жолболсынова және Лидия Тюменцеваның электр жүйесіндегі тақырыпты қайталап отырған кезі. Суретті түсірген А. Розенштейн.

Мектептер емтихан алдында

1952—53 оқу жылы аяқталып келеді. Совет мектептері үшін үстіміздегі жыл қажырлы еңбек пен тамаша табыстар жылы болды. СОБП-ның XIX съезінің қарарларымен жігерленген халық ағарту қызметкерлері, мұғалімдер үкмет пен партияның совет мектептерінің алдына қойған жауапты міндеттерін орындауға бар күшін аямай жұмсауда.

Бұл күндері мектептерде көктемгі емтиханға дайындық қызу жүріп жатыр. Емтихан тек оқушылардың ғана мектептен алған білімдерін байқау емес, сонымен бірге, әрбір мұғалімнің, әрбір педагогикалық коллективтің бір жылда істеген жұмысын байқау, сөйтіп, оқушылар мен мұғалімдердің жылдық жұмысына қорытынды жасау.

Оқушыларды кластан класқа тегіс көшіру үшін және мектепті бітіретін оқушылардың емтиханнан мүдірмей өтуі үшін емтиханға тығыздықты дайындалудың зор маңызы бар. Сондықтан әрбір мұғалім және мектеп басшылары оқушыларды емтиханға үлгілі әзірлеудің барлық шараларын тығыздықты жүргізулері керек.

Мектептердің емтихан алдындағы негізгі міндеті — барлық кластарда әрбір пән бойынша оқу программаларын мезгілінде аяқтау. Бұл үшін мектеп басшылары қай кластарда қандай пәндерден оқу программасын орындауда кейін қалушылық бар екенін анықтап алып, календарлық жоспарға өзгеріс енгізу, не қосымша сағат беру арқылы қалған материалды уақытында сапалы етіп өтуді, сонымен бірге өткен сабақтарды пысықтауға да белгілі уақыт қалдырылуын қамтамасыз етулері керек.

Теориялық материалдарды өтумен бірге физика, математика, жаратылыс, химия және тағы басқа пәндерден программада көрсетілген лабораториялық және практикалық жұмыстардың минимумы тегіс орындалған уақытта ғана оқу программа-

сы толық аяқталды деп есептеуге болады. Көзір, әсіресе, мектептер политехникалық оқу туралы партияның нұсқауын жүзеге асыруға қызу кірісіп отырған кезде бұл ерекше маңызы бар іс болып саналады.

Емтиханға әзірлік кезінде емтихан алдындағы өтілген материалдарды пысықтау жұмыстарын тығыздықты ұйымдастыру қажет. Өтілген материалды пысықтаудың алуан түрі бар, ал олардың әрқайсысының өзінше ерекшелігі болады.

Облысымыздың Булаев, Еңбек, Ленин орта мектептері мен қаладағы Ленин атындағы және басқа да мектептер емтихан алдындағы пысықтау жұмыстарын тығыздықты жүргізіп келеді. Алайда, өткен сабақтарды пысықтаудың маңызына жете мән бермей отырған мектептер де жоқ емес. Мәселен, Мамлют, Покровка, Вознесенка (Мамлют ауданы), Тоқшын совхозы (Полудень ауданы) мектептеріндегі мұғалімдердің көпшілігі оқу жылы бойына пысықтау жұмыстарын үнемі жүргізіп отырмады, бұларда емтихан алдындағы пысықтау жұмыстары да қанағаттанғысыз ұйымдастырылған.

Оқу жылының соңғы тоқсанында сабақты үлгермейтін оқушылармен өте көп жұмыс істеу қажет болады. Бірінші жартыжылдық пен үшінші тоқсанның оқу қорытындысы бірқатар мектептерде оқушылардың басым көпшілігі сабақты жете үлгермейтінін көрсетті. Әсіресе, Петропавл, Полудень және Булаев аудандарының кейбір мектептерінде оқушылардың сабақ үлгеруі өте нашар. Көзір, емтиханға әзірлік күндерінде аудандық оқу бөлімдері бұл сыяқты оқу сапасы төмен мектептерге көбірек көңіл бөлулері керек.

Мұғалімдер емтихан алдындағы қойылатын талаптарды оқушыларға әсіресе, тұңғыш рет емтихан тапсыратын оқушыларға жете түсіндірулері қажет. Педагогика-

жыналысы өткізіліп, онда емтиханға дайындық күндеріндегі туысқандардың міндеттері туралы мәселе қаралды.

Көптеген мұғалімдер өтілген материалдардан шолу лекцияларын өткізіп жүр. Емтиханға керекті оқу, жазу құралдарының бәрі дайын болды. Мұғалімдер мен барлық оқушылар көктемгі емтиханға асқан өрлеу үстінде дайындалуда.

Оқушыларды кластан класқа көшіру, мектеп бітіру және көмелеттік аттестат емтихандарын толық дайындықпен қарсы алып, оны жоғары дәрежеде өткіземіз.

П. ЛОКТОНОВ,

Булаев орта мектебінің оқу ісін басқарушы.

калық коллективтер емтихан алдындағы күндерде оқушыларға қамқорлық жасап, олардың өз күшіне сенімін арттырып отыруға тиіс.

Емтиханға дайындық кезінде мектеп пен семьяның байланысын мейлінше күшейту керек. Ал, туысқандар мектептердің емтиханға дайындығы сыяқты маңызды істен шет қалуға тиіс емес.

Мектептер, олардың басшылары және оқу бөлімдері өткен жылы емтихан өткізуде жол берілген қателер мен кемшіліктерден сақ болуы керек. Өткен жылы кейбір мектеп басшылары құпия емтихан материалдарын дұрыс пайдаланбады, тіпті кей жағдайда құпия пакетті ашу фактілері де кездесті. Мәселен, Петропавл ауданындағы Ново-Каменка жетіжылдық мектебінің бұрынғы директоры Наторий жолдас математикадан жетінші кластарға арналған құпия емтихан жұмысын күнібұрын жариялап қойған. Жекелеген емтихан жүргізушілер мен ассистенттер емтихан тапсырушыларға шамалан тыс көп сұрақ беріп, жауап беріп тұрған оқушының сөзін бөлген. Мұндай фактілер педагогикалық училище мен Преснов орта мектебінде кездесті. Кейбір емтихан комиссиялары оқушылардың аузына жауаптары мен жазба жұмыстарына баға қоярда либералшылыққа салынды.

Оқушылардың білімін дұрыс бағалау—емтиханды ойдағыдай өткізудің басшы шарттарының бірі. Емтихан комиссиялары мұны есте сақтаулары керек.

Емтиханға санаулы-ақ күндер қалды. Әр оқушыны емтиханды жақсы, өте жақсы деген бағалармен тапсыруға тығыздықты дайындау мұғалімдердің, халық ағарту қызметкерлерінің, оқушылар туысқандарының ардақты борышы.

А. ЩЕРБАКОВ,

Облыстық оқу бөлімінің меңгерушісі.

маңда, Стокгольмде профессор Фредерик Жюлио-Кюридің председателдік етуімен Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советі

бейбітшілікті жақтаушылар қозғалысының өкілдері қатысуда.

Грециядағы жұмыссыздық

АФИНЫ, 5 май. (СОТА). «Элефтерия» газеті 4 майда Каваллу қаласына Грецияның еңбек министрі Гонистің келгендігін хабарлайды. Қаланың мыңдаған жұмысшылары оны: «Ашығудамыз, жұмыстың берілуін талап етеміз!» деген айқаймен қарсы алған. Гонис мініп ке-

ле жатқан машинаны тоқтату үшін бірнеше әйелдер жолға көлденең түсіп жатып алған. Газет полициялықтардың жыйналғандарды қуып таратқандығын хабарлайды. Мұнан кейін түн ортасы ағанша қалада адамдарды тұтқындау бас-талған.

Жарияланбаған хаттың дерегі

Колхозшылар пілегі

Редакцияға түскен осы тақырыпты тілші хатында Преснов ауданындағы Абай атындағы колхоздың жел диірмені мен моншасының және балалар яслинің үйі бірнеше жылдан бері жөнделмей тұрғандығы, колхоз басшыларының оларды жөндеуге жете мән бермей келгендігі айтылған болатын.

Аудандық Совет аткомнің председателі Макаров жолдас бұл жөнінде редакцияға былай деп хабарлады:

Абай атындағы колхоздың басқармасы 1953 жылдың өндірістік жоспарында қоғамдық жаңа монша, диірмен және балалар ясли үшін үй салуды жоспарлады. Балалар ясли үйін салуға, оны жабдықтауға 17510 сом қаржы бөлінді.

Аудандық Совет аткомі колхоздың кіріс-шығыс сметасын бекіткенде кол-

хоз басқармасын 1953 жылы осы құрылыстарды салуға міндеттеді.

Преснов аудандық ауылшаруашылық бөлімі «Баян» колхозында мал дәрігерлік қызметкерлерінің өз жұмысына жауапсыз қарап жүргендігі жөнінде жазылған тілші хаты туралы редакцияға мынаны хабарлады:

Колхоздың мал дәрігері Лукьянов пен мал дәрігерлік санитар Ташеновтың өз міндеттеріне немқетті қарап келгендігі тексерісте анықталды. Бұл мәселе участоктік мал дәрігерлерінің жыйналысында талқыланды. Лукьянов пен Ташенов жолдастар өздерінің кінәсін мойындап, алдағы уақытта жұмыстарындағы кемшіліктерін жоюға уәде берді.

Редактор Ф. МҰХАМЕДЖАНОВ.



«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«ВАСИЛИЙ БОРТНИКОВТЫҢ ҚАЙТА ОРАЛУЫ»

Сеанстар сағат 6-8-10-да басталады.

«ОКТАБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«МОСКВА КӨКТЕМІ»

Сеанстар сағат 4-6-8-де басталады.

МЕМЛЕКЕТТІК ЗАЕМДАР БЕСІНШІ БЕСЖЫЛДЫҚТЫҢ ҮШІНШІ ЖЫЛЫНЫҢ ЖОСПАРЫН ОЙДАҒЫДАЙ ОРЫНДАУҒА КӨМЕКТЕСЕДІ 1953 жылғы 30 майда

Киев қаласында мемлекеттік 3 проценттік ішкі ұтыс заемы бойынша 33-тираж өткізіледі.

Тиражда осы заемның төрт разрядына жалпы сомасы 13600800 сомдық 34000 ұтыс шығады.

Заем облигациялары барлық Орталық Мемлекеттік жыйнақ кассаларында, I және II разрядтағы кассаларда сатылады және сатып алынады.

Мемлекеттік 3 проценттік ішкі ұтыс заемының облигацияларын сатып алыңыздар.

Облыстық жыйнақ кассасының басқармасы.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй, ТЕЛЕФОНДАР: редактор—1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия және ауылшаруашылық бөлімдері—2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері—3-39, корректорлар бюросы—4-39, Газет баспасы—5-53, газет табыс етілмесе— 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.